

**«Кенжегул ана» бөбекжай балабақшасы» жауапкерлігі
шектелулі серіктестігі**

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
хаттамасы
2025-2026 оқу жылы**

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

05.09.2025ж

Жаңадала ауылы

Қатысқандар: -11

Меңгеруші жанындағы кеңестің №01 отырысы

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)
- 2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығуды жасалуына бақылау.
3. Топтардың санитарлық жай күйі.
4. Балаларды балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.
- 5.«Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.

1. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі:А.Жамантай 2025-2026 жаңа оқу жылына барлық топтардың дайындығын көріп тексеріп шықты.Меңгеруші: А.Жамантай барлық топта жаңа оқу жылына керекті жабдықтардың бар екенін әр топта сабақ өтуге арналған бес білім дағдысы бойынша көрнекіліктер, сурет салу керекті материалдар жұмыс жүргізу үшін жеткілікті екенін айтып өтті. Топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, кітап бұрышы тиісті деңгейде жабдықталған. Ұлттық құндылықтарда өз деңгейінде жабдықтаған.

2.Тыңдалды: балабақша медбикесі:Г.Назаркулова балаларға берілетін тамақтардың сапасын бес күн бойы түрлі тағамдар бірінші тамаққа сұйық тамақ, екінші тамаққа қою тамақтар берілетінін тамақта бала бойына қуат беретін дәрумендер бар екендігін айтып өтті. Балаларға түрлі кампот, какао,сүт шай, кисель т.б сусындар берілетінін атап кетті. Балалар күніне үш мезгіл тамақтанады. Таңғы асқа түрлі дәруменге бай каша, шәй, нан беріледі.

Түскі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі. Ал, түстен кейінгі асқа самса,бауырсақ, булочка т.б дәмді сусындар беріледі. Таң ертең тәрбиешілер балаларды қабылдап күн тәртібі бойынша таза ауада жаттығу

жасайды, тазалықты сақтап топқа ретімен тәрбиешінің нұсқауымен кіреді. Меңгеруші:А.Жамантай апаймен медбике:Г.Назаркулова апай таң ертеңгі жаттығудың жасалуын күнделікті бақылап отыратынын айтты.Таң ертеңгі жатығуды күнде түрлі бағытта жасауды тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3.Тыңдалды: медбике:Г.Назаркулова 2025-2026 оқу жылының басынан бастап әр топта санитарлық жағдайдың мұқият қарастырылғанын айтып өтті. Әр топта қол жуғыштардың жұмыс жасап тұрғанын жылы су ағып тұрғанын, қол жуу үшін сабындар бір реттік сүрткіштер сонымен қатар әр баланың жеке өзіне арналған сүлгілер бар екенін айтып өтті. Әр балаға жеке ыдыстар қасық,шанышқы, тәрелке, кесе жеткілікті екенін ыдыстар гигиеналық талапқа сай жуылатындығында ескертті.Балалардың жатын бөлмесінде жамылғылар жиі таза жамылғыға ауыстырылып тұратындығын айтты.

4.Сөз сөйледі: Меңгеруші:А.Жамантай балабақшамызға ата-аналар балаларын жақсы білім алсын,тәрбиеленсін деп береді. Түптеп келгенде баласын тазалыққа,ұқыптылыққа үйрету үшін әкеледі. Біз баланы балабақшаға қабылдап алғансоң балабақшадағы мінез құлқын қалыптастыруымыз керек. Балабақшада мінез құлықты қалыптастыру дегеніміз-балаға өз-өзіне қызмет етуді үйрету, досына адал болып көмектесуі, тазалықты сақтай білуі сонымен қатар әдептілікке баулу, тамақта төкпей ішуге,қасықты оң қолымен тура ұстауға үйретудің бәрі балабақшадағы мінез құлықты қалыптастыру болып табылады деп – түсіндірді әдіскер К.Маликова. Тәрбиешілер әдіскердің сөзіне келісті.

5.Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі:А.Жамантай ертеңгілік өткізер кездегі балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы керектігін тапсырды. Әдіскер К.Маликова барлық тәрбиешілерге алдағы өткізіетін тіл мерекесін ашық сабақ түрінде өткізуді тапсырды. Тәрбиешілер келісті. Ал алтын күз ертеңгілігін түрлі әндермен, әсем билермен балаларға күз туралы тақпақ айтқызып ерекше қойылымдармен ата-ананы қонаққа шақырып өткізуді тапсырды. Ертеңгіліктің жоспары түзіліп талқыланып нақтыланғансоң меңгерушіге бекітіріледі. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына сай барлық топ жабдықталсын. Топ бұрышы әрі қарай тәрбиеші идеясымен безендірілсін.
2. Тамақ сапасы ұқыпты тексерілсін және балаларға таң ертеңгі жаттығу барысы қадағалансын.
3. Барлық топта санитарлық талаптар сақталсын медбике тарапынан күнделікті қадағалансын.
4. Балабақшаға жаңадан келеген баланы ерекше көңіл бөліп ортаға бейімделуге жағдай жасасын. Тәрбиешілер
5. Тіл мерекесі және ертеңгілік өз уақытында сапалы өткізілсін. қауіпсіздік сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

03.11.2025ж

Жаңадала ауылы

Қатыскандар: -10

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 02 отырысы

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
- 2.Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы. Бакылау.
3. «Республикам мақтанышым» ертеңгілік сценарийін бекіту, талқылау.
- 4.Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бакылау.
5. «Қош келдің, жаңа жыл!» сценарийін бекітіп, талқылап қарау.

1. **Сөз сөйледі:** балабақша меңгеруші:А.Жамантай өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық топтарда санитарлық талаптар сақталу шаралары жүргізілгенін сонымен қатар тәрбиешілер балаларға жоспар бойынша ертеңгіліктермен мерекелі іс-шараларды өз уақытында қауіпсіздікті сақтап жүргізгендігін мәлімдеді. Таңғы жаттығулар өз уақытымен, түрлі тәсілде жасалынып жатыр- деп мәлімдеді.

2. **Сөз сөйледі:** 2025-2026 оқу жылындағы күн тәртібі өз деңгейінде сақталып жұмыс жүргізілуде тәрбиешілер ата-аналармен кезедсіп балалардың көңіл –күйі мен денсаулығын,тазалығын сұрап ескертулермен өтініш,ұсыныстарда айтылды. Балаларды жылдық жоспар бойынша серуенге шығарады.Серуенге шыққанда тақырып бойынша балаларға білім береді.Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке баулиды. Серуенге шығару барысында балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы жіті қадағаланады.

3. **Сөз Сөйледі:** балабақша меңгеруші:А.Жамантай «Республикам мақтанышым» - Қазақстан» тақырыбындағы ашық оқу іс әрекетінің жоспары қарап бекітейік. меңгеруші тәрбиешілерге тәуелсіздік мерекесін өткен кезде

балаларға қару жарақ пен өткізілітен іс-шараны ұйымдастырмау керектігін айтты. Ашық сабақта балаларға тәуелсіздік үшін күрескен батыр апаларымыздың ерлігі жөнінде дәріптеу. Еркіндіктің оңай жолмен келмегендігін, елге, жерге,отанға деген құрметпен сүйіспеншілікті ояту,біздің мақсатымыз балаларға өзіне, отбасына, халқына қамқор болуға тәрбиелеу,дағдыландыру деп сөзін аяқтады. Тәрбиешілер келісті.

4. Сөз сөйледі: балабақша медбикесі:Г.Назаркулова барлық топтың тазалығы талапқа сай орындалып жатқандығын әр топта жеке сұйық сабындар, әр балаға бөлек гаршоктар хлорлы сумен жуылып тазартылып жатқандығын сонымен қатар топ бөлмесіндегі ойыншықтар,шкафтар өз уақытында тазаланып жатқандығын мәлімдеді.алда келе жатқан мерекелерге орай барлық топ өз деңгейінде сапалы безендіріліп жатқандығын әдіскер толықтыра кетті.

5. Сөз сөйледі:балабақша меңгерушісі:А.Жамантай «Қош келдің, жаңа жыл!» тақырыбымен барлық топта өткізілетін мерекелік ертеңгіліктің сценаріі талқыланып, қаралып бекітілді. Ертеңгілікте балалардың жасына сай әндер мен билер, тақпақтар сондай ақ қойылымдар қойылатыны анықталды. Балаларға Аяз ата қапшығынан силықтар мен түрлі ойыншықтарда ұйымдластырлды.

Шешім:

1. Әр тәрбиеші күн тәртібімен тиісті деңгейде жұмыс жасасын, балаларды серуенге шығаруда өмір қауіпсіздігі сақталсын.
2. Әр тәрбиеші ата-анамен балаға қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдепті сақтасын.
3. Барлық топтың тазалағы өз деңгейінде қадағаланып мерекелік безендірулер жүзеге асырылсын.

Кенес төрайымы:

Кенес хатшысы:



Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

04.01.2026ж

Жаңадала ауылы

Қатысқандар: -8

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 03 отырысы

Күн тәртібінде:

1.Үлгілік оқу бағдарлама негізінде мониторинг I-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау нәтижелерін талқылау.

2.Қысқы табиғат мүйісін жабдықтау нәтижесі

3.Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін бекіту

4.«Наурыз» мерекесің ертеңгілік бағдарламасымен танысып, бекіту

1.Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Жамантай мониторинг бойынша I –жарты жылдықтағы нәтижелердің қорытындысын талқылады. Білім беру дағдысында даму үрдісі және тұрақты алға ұмтылу нәтижеге жету тәрбиешілердің қырағылығын талап етеді. Ал енді балалардың бірінші жарты жылдықтағы білім алу нәтижесін талқылайтын болсақ тәрбиеші балаларды тиісті білім деңгейіне жеткізу үшін қазіргі заман талабына сай білімдерді өзі игеріп содансоң өскелең ұрпаққа,тәрбиеленушілерімізге жеткізуі тиіс.Бастапқы оқу жылындағы мониторинг көрсеткіштеріне қарағанда қазіргі балалардың білім – біліктілік дағдыларын тиісінше игергені байқалып тұр. Біз балалардың даму деңгейін өте жақсы деңгейге көтеру үшін бес білім дағдысын үлгілік оқу бағдарламасын толық меңгертіп шығаруымыз қажет. Ол үшін балаларды бес білім дағдысына ойын арқылы жетелеуіміз қажет деп есептеймін. Мен балаларды дамыту барысында жасаған жұмыстарыңызды қанағаттанарлық деп есептеймін. Ал келесі деңгейге жету үшін көбірек ізденуге шақырамын.

2. Тыңдалды: Ү.Жұмабай балабақшаны әдемі етіп безендіру баланың дамуына оң әсер етеді. Соның ішінде табиғат бұрышын безендіру, жасақтау маңызды орын алады. Ол жерде балалар табиғатқа қатысты зерттеу жұмыстарын жасай алады. Әр топта табиғат бұрышы жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған болуы тиіс. Төрт жыл мезгілі қамтылған табиғат бұрышында қысқы табиғаттың ерекшелігін балалармен бірге толықтырдық. Қысқы табиғат мүйісін жабдықтадық. Балаларға қыс мезгіліндегі болаты ерекшеліктер туралы мәлімет айттым. Қыста қардың қалай жауатыны қар еріп суға, ал су мұзға айналатыны

жөнінде табиғат бұрышын өз көзімен көріп қолымен ұстай алатындай мүмкіндік жасалды. Балалармен бірге жасанды қар мен мұз жасап көру арқылы табиғат бұрышын жабдықтап жетілдірдік.

3.Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Жамантай алда көктем мезгілі келе жатқанын ескеріп әрі бір тұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес топ тәрбиешілерінің арасында сайыс ұйымдастыру жөнінде сөз қозғалды. Бұл сайыстың мақсаты тәрбиешілердің шабытын ояту. Жұмысқа жаңаша идеялар мен талпыныстар жасалуы үшін ұйымдастырылғалы жатыр деп айтты. Байқаулардың ережесін екі бағытта ұйымдастыруды жөн көрдім. Біріншісі: әр топтағы балалардың қатысу процесі мен топтың тазалығы, ең таза ұйымшыл топ наминациясы бойынша деді. Екіншісі: топ тәрбиешісі, ата-аналар,балалар арасындағы ұлттық құндылықтарды жандандыру ,Ұлттық бұйымдар сайысы болып бекітілді. Ережесі: әр топ өз-өзімен сайысқа түседі.Ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Әрине мадақтама беріледі.Марапатталады.

4.Тыңдалды: балабақша ұжымы осы бекітілген сайыспен келісіп өз ұсыныстарымен толықтырулар жасағысы келетіндігін айтып сайысқа келісім жасалды.

5. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Жамантай алады наурыз айындағы мерекелерге жоспар құрып дайындалу қажеттігін айтып өтті. Ең алдымен құрметті әріптестер көктемнің алғашқы күні «Алғыс айту күнін» ерекше атап отуді, жоспар түзін тексеруді тапсырамын.Тәрбиешілер келісті. «Алғыс айту күнін» атап отудегі маңыздылық адамдардың қыстан аман-есен шығып көкке ілінуі, жаңаруы болып табылады. Әрі қарай аналар мерекесі, наурыз мерекесінеде дайындық жүргізіп жоспары түзілсін.Міндетті түрде жоспарды ортақ талқылау жасалғаннан кейін ғана жүзеге асырылуын сұраймын деді меңгеруші. Тәрбиеші, педагогтар келісті.

Шешім:

1. Барлық топта табиғат бұрышы балаларға қауіпсіз түрде қыс мезгіліне сәйкес безендірілсін.
2. Балабақшада балалар қауіпсіздігі мен мәдени дағдылар қалыптастырылсын.
3. Наурыз айындағы мерекелерге жоспарлы дайындық жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:

